

Прімбетова Ерсінай

тарих ғылымдарының кандидаты, Нархоз университеті ЖББ кафедрасының доценті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Ersinai82@mail.ru, +7 777 014 5770

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ Т. РЫСҚҰЛОВТЫҢ ТҮРКІЛІК РУХЫ

Мақаланың мақсаты Қазіргі Қазақстанға сипаттама беру арқылы Қазақстан мемлекетінің бүгінгі жағдайына отызыншы жылдары құрбан болған қазақ зиялыларының күресінің негіз болғандығын көрсету. Автор қазақ зиялыларының тоталитарлық жүйе жағдайындағы жүргізген саяси бағыты – азаттық үшін күрес екендігіне мән бере отырып, Т. Рысқұловтың түркілік идеяларына, «Тұтас Түркістан» құруды көздеген мақсаттарына байланысты шешімдерінің маңыздылығына тоқталады. Шығыс халықтарының XX ғ. басындағы саяси-әлеуметтік жағдайын жақсарту жолындағы атқарылған іс-шаралардың тиімділігінен нәтижесін ұйымдастырудағы Тұрар Рысқұловтың орнын айқындайды. Оның қайда, қай қызметті атқарғанына қарамай түркілік бағытты ұстанғанын, түркілік рухының өзгермегенін, оның ішінде сол түркі халықтарының белді өкілі өз қазағына қамқор болғанын тың мағлұматтарды пайдалану арқылы аша түскен. Т. Рысқұловтың партияның қуғын-сүргін саясаты тұсында тайсалмай, Орта Азиядағы республикаларды Түрік Республикасына біріктіру жөніндегі әрекеттерін, сонымен қатар өз халқының болашағы үшін атқарған еңбектерінің зор екендігі дәлелдене түседі.

Түйін сөздер: индустриалды-инновациялық, унитарлы, әлемдік жаһандану, Автономия, Түркістан Республикасы, Жұмхурият, «Иттихад-ва-Тараки» ұлтшыл-уклонист, пан түркішіл.

Primbetova Ersinai

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department
of OOD at the Narхоз University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Ersinai82@mail.ru; +7 777 014 5770

Modern Kazakhstan and the Turkic spirit of T. Ryskulov

The purpose of the article is to show, through the description of modern Kazakhstan, the role of the Kazakh intelligentsia, who fell victim to the totalitarian system in the 1930s, in the formation of the statehood of Kazakhstan. The author focuses attention on the importance of the influence of T. Ryskulov's views on the ideas of pan-Turkism, the creation of «One/United Turkestan», drawing attention to the fact that under the conditions of totalitarian regime the Kazakh intelligentsia adhered to the political course – the struggle for freedom. Determines the place of Turar Ryskulov in the organization of effective activities to improve the social status of the eastern peoples of the early 20th century. Using reliable sources, the author establishes, wherever he was and on what post was located, T. Ryskulov maintained a course of pan-Turkism, did not change the spirit of pan-Turkism, Including patronizing one of the most important representatives of the Turkic peoples – Kazakhs. The author proves the importance of T. Ryskulov's efforts to unite the Central Asian republics into a single Turkestan Republic, including the invaluable work for his future people, in spite of the persecution of the party.

Key words: Industrial-innovative, unitary, globalization, autonomy, Turkestan Republic, Zhumkhuriyat, «Ittihad-va-Taraki», national deviationists, pan-Turkism.

Прімбетова Ерсінай

кандидат исторических наук, доцент кафедры ООД Университета Нархоз,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: Ersinai82@mail.ru, тел.: +7 777 014 5770

Современный Казахстан и тюркский дух Т. Рыскулова

Цель статьи – показать через описание современного Казахстана роль казахской интеллигенции, ставшей жертвой тоталитарной системы в 30-е годы, в формировании государственности

Казахстана. Автор сосредотачивает внимание на важности влияния взглядов Т. Рыскулова на идеи пантюркизма, создания «Единого Туркестана», обращая внимание, что в условиях тоталитарного режима казахская интеллигенция придерживалась политического курса – борьбы за свободу. Определяет место Турара Рыскулова в организации эффективной деятельности по улучшению социального положения восточных народов начала XX века. Используя достоверные источники, автор устанавливает, где бы не был и на какой должности не находился, Т. Рыскулов держался курса пантюркизма, не изменял духу пантюркизма, в том числе покровительствуя одному из важных представителей тюркских народов – казахам. Автор доказывает важность усилий Т. Рыскулова на объединение центральноазиатских республик в единую Туркестанскую республику, в том числе неопределенность трудов для будущего его народа, вопреки гонениям со стороны партии.

Ключевые слова: индустриально-инновационный, унитарный, глобализация, автономия, Туркестанская республика, Жумхурият, «Иттихад-ва-Тараки», национал-уклонисты, пантюркизм.

Кіріспе

Қазіргі Қазақстанның өткен ғасырдағы тарихының маңызы зор. Өйткені, ол – Алаш заманы. Қазақ интеллигенциясының қалыптасқан уақыты. Ұлтының тағдырын ойлаған қазақ зиялылары қоғамның саяси өміріндегі түрлі ұйымдар мен партиялар маңына топтасып, азаттыққа жетуді басты мақсат етіп ұстанған тұсы. Тоталитарлық және әкімшіл-әміршілдік жүйе үстемдік құрған жетпіс жылдан астам кеңестік дәуірде қоғамдық және ғылыми өмірдің шектен тыс бақылауға алынды.

Тарихтың қозғаушы күші – тұлға деген ұғыммен келісер болсақ, сонау жиырмасыншы ғасырдың басында өмір кешкен қазақ зиялылары азаттық, бостандық, ұлт болашағы жөнінде мәселелер көтеріп, еуропалық мәтіндегі демократиялық талаптардың орындалуына қазақ елінің де құқылы екендігін дәлелдегені үшін ату жазасына бұйырылды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында XX ғасырдағы зиялылар тағдыры туралы: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ» (Назарбаев, 1999:175.) – деген еді. Қазіргі таңда мұрағаттардағы әлде де зерттеуін таппай жатқан, тіпті кешегі кеңестік замандағы ғылыми айналымға түсіруге тыйым салынған жеке тұлғалардың аттарын тарихқа түсіру қолға алынып жатыр. «Халықты тарих тұрғысынан сыйлау дегеніміз олардың шындықты білуі. Сондықтан халыққа тарихи шындықты білуге көмектесуіміз қажет. Тарихи шындықты білген халық – ол алғыр, мықты халық. Ол өзіне өзі сенімді халық. Ал тарихи шындықты білмеген халық жалтақ халық әрі қорқақ болады. Біз халқымызды білімді, интеллектуалды, ақылды, өз мүддесін қорғай алатын халық тұрғысынан

көргіміз келсе, оған тарихи шындықты білуге және меңгеруге әрі өз қажетіне жаратуға қолдау көрсетуіміз қажет» (www.11085.)

Осы мақаланың желісі болған ерекше тұлғалардың бірі – Тұрар Рысқұлов өзінің аз ғұмырын өзге жолмен отаршылдыққа қарсы бағыштады. Ойымызды кеңестер билігі біржола салтанат құрғаннан кейінгі уақытта, анығырақ айтқанда 20-жылдары тұтас Түркі елінің азаттығын қамтамасыз ету әрекеті енді кеңестік билік шеңберінде өз жалғасын тапты деген пікірмен нақтылай аламыз (Қойгелдиев, 2004:210). Осы жұмыс барысында қазақ зиялыларының, соның ішінде Т. Рысқұловтың Түркістанның түркі тектес халықтарының бөлшектенбей, біртұтас болып біріккен жағдайында ғана отаршылдыққа қарсы шыға алады деген тұжырымдамасының мәнін ашу белгіленді. Ол үшін:

1. Т. Рысқұловтың ұлттық идеясының мақсатын, нәтижесін көрсету;

2. Т. Рысқұловтың азаттық үшін күресінің бүгінгі таңдағы Қазақстанның тәуелсіздігіне негіз болу эволюциясын ашу қажет.

Зерттеу мәселесінің тарихнамасына келер болсақ, тәуелсіздік алған соң, қазақ зиялыларының ақталуынан кейін кеңінен қолға алына бастады. Мемлекеттік қайраткердің мерейтойына арналған конференциялар өткізіліп, жаңа құнды материалдар жинақтауға мүмкіндік туды. Өткізілген көлемді іс-шаралар мен ізденімпаз зерттеушілердің арқасында біраз еңбектер жарық көрді. О.М. Қоңыратбаевты тұрартанушы автор деп атауымызға әбден болады. Ол деректер мен құжаттарға сүйене отырып, Т. Рысқұловтың түркі халықтарының қамқоршысы екендігін дәлелдеді. «Тұрар түркі халықтарының туысқандық бірлігін қамтамасыз ету, отаршылдыққа қарсы бірлесе күресу ұранын көтерген еді. Тұтас Түркістан идеясын көтергені үшін Тұрар өмір бойы

қуғын көрді», – деп жазды (Қоңыратбаев, 2011: 21). Ұлттық саяси элитаның қалыптасу кезеңдерін айқындап, XX ғасырдың басындағы қалыптасқан қазақ интеллигенциясының орнын оның атқарған қоғамдық-саяси қызметін зерттеген М.Қ. Қойгелдиев «Ұлттық элита тарихындағы келесі бесінші кезең жетпіс жылдан астам уақыт өмір сүрген кеңестік билікке тұс келеді. Большевиктер мен олардың көсемдері Кеңестік биліктің алғашқы күндерінен-ақ Қазақстан мен Түркістанда таптық-партиялық мақсаттарды емес ұлт-азаттық мүдделерді көздеген элитаны жолықтырды. Алдымен жігерлі қарсылықты Мәскеуде басшылық қызметте жүрген Т. Рысқұлов пен С. Асфендияров бастаған зиялылар тобы көрсетті» – дейді (Қойгелдиев, 2004:21,23). Қазақ зиялыларына алғашқы болып қалам тартқан академик К. Нұрпейісов, В.Н. Григорьев т.б. авторлармен бірлесе отырып Т. Рысқұловтың еңбектер жинағын екі дүркін, алғашында үш (1997 ж.), соңғысын бес томдық етіп, 2007 жылы баспадан шығарды. Оның экономикалық көзқарасына байланысты О. Сабденнің О.М. Қоңыратбаевпен бірге жазған 25 б.т. тұратын жан-жақты зерттелген еңбегі жарық көрді. «Т. Рысқұловтың Тұратком төрағасы қызметінде Орталық Азияның экономикасына сіңірген еңбегін ашып бере алатын тарихи құжаттардың көп бөлігі әлі күнге дейін жарияланған жоқ» – деген пікір орын алады (О. Сабден, О.М. Қоңыратбаев, 2012:14).

Мәселенің методологиясы

Біз қарастырып отырған мәселенің теориялық-методологиялық негізіне 20-30-шы жылдардағы тарихи үрдістермен қатар орын алған қарама-қайшылықтарына қарсы тұрған Т. Рысқұловтың ұлт мәселесі жөніндегі ұстанымдарын алдық. Сол кезеңдегі «кеңестік үлгідегі» құрылып жатқан қазақ елінің тарихында орын алған ұлттық саясат қазіргі таңдағы сипатынан мүлдем өзгеше. Осы тақырыптың атына байланысты мәселелер Одақтық тарихнамада партиялық тұрғыдан идеологияланған методология тұрғысынан зерттелді. Онда басқару органдарының жүргізген саясатына әрқашанда оң баға беріліп, баспасөз беттеріндегі ақпараттар халықты үрейлендіріп ұстаған бағыты бүркемеленді. Дегенменде, партиялық дамудың «жаңа кезеңіне» аяқ басқан жағдайда идеологиялық салада серпін байқалды. Бұл әсіресе, 60-70-ші жылдары Одақтың «кемелден-

ген социализм» теориялық тұжырымдамасының жасалуымен байланысты болды. Басқарудың жаңа тетіктерін енгізу, бұрынғы орын алған әдіс-тәсілдерді жетілдірудің жолын табу үшін өткеннің тәжірибесіне талдау жасау, қажет жерін қабылдау сияқты шешімдермен байланысты қолға алынды. Осы лекпен қоғамның, мемлекеттің дамуына зор үлес қосқан жеке тұлғалар туралы да еңбектер жарық көрді. Бұл қатардан Т. Рысқұловтың да аты орын алды. Өйткені, ол өзінің белсенді қоғам қайраткері – Түркісіб темір жолын салу барысында т.б. билік органдарына басқарушылық қызметтерге тағайындалып Кремльде, Орта Азия, Кавказ тіпті Моңғолияға да еңбегі сіңген ірі тұлға. Рысқұлов есімі КСРО Әскери коллегиясы Жоғарғы Сотының шешімімен 1956 жылы 8 желтоқсанда ақталды. Уақыт талабына сай Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін зерттеу өткен ғасырдың 60-шы жылдың екінші жартысынан басталды. 1974 жылы 80 жылдық мерейтойы қарсаңында оның Орталық Азияның халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету, өндірісті дамытуда атқарған істері жөніндегі сіңірген еңбектері сараланып, ғылыми айналымға түсті: Т. Рысқұловтың атқарған қызметтеріне сипаттама бере келе оның негізгі шығармаларына қысқаша шолу жасайды. Және де Т. Рысқұловтың ғылыми-зерттеу, насихаттық, публицистикалық еңбектерінің орасан екендігін көрсетеді. (Бейсембаев, Кульбаев, 1974:81). Саясаттың ықпалына байланысты бұл аралықта жарық көрген еңбектердің мазмұны біржақты сипат алды. КСРО құлаған соң мұрағаттық қорларды қолдануға мүмкіндіктер пайда болып, ақиқаттың беті ашыла бастады.

Қазіргі Қазақстан және Т. Рысқұловтың түркілік рухы

Мәңгілік Ел болуды, қазақ халқының тарих сахнасынан өшпей, сақталып қалуын ата-бабамыз бұрыннан армандаған. Бұл туралы «Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді», – деп көрсетті елбасы (Назарбаев, 2014:1). Қазіргі Қазақстан – кезінде Тұрар ағамыз аңсаған Қазақстан. Т. Рысқұлов – Қазақстанды Мәңгілік ел етуге сонау 30-жылдары үн қосқан мемлекеттік қайраткер. Оның саяси көзқарасының қалыптасуы нағыз аласапыран кезеңде өтті. Бірінші дүние жүзілік соғыстың

басталуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, қос үкіметтің өзара тартысы сияқты аса маңызды оқиғалар оны ерте есейтті. Қазақ зиялыларына ортақ мақсат – ел бостандығы, азаттығы болса, сол мақсатты орындауда олардың әр қилы жол таңдауына тура келді. Бұл уақыт Алаш тарихының бастау алған тұсы. 1917 ж. құрылған Алаш партиясының негізгі идеясы – ұлттық мемлекет құру. Бастапқы кезде Т. Рысқұлов Меркідегі Алаш партиясының мүшесі болды. Бірақ, ол 1917 жылдың күзінде коммунистік партия қатарына өтті. Қазақ интеллигенциясының қалыптасуын зерттеуге үлкен үлес қосқан тарихшы ғалым К. Нұрпейістің еңбектері арқылы олардың саясатқа әртүрлі жолмен келгендігін көреміз. Құрамында отызға жуық мүшесі болған Т. Рысқұлов ұйымдастырған Меркедегі «Қазақ жастарының революциялық одағы» құрылып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді (Нұрпейісов, 1995:112).

Оның саяси қызметінің басталуы осылайша өрбіді. Тұрар Рысқұловтың бұл әрекеті оны алаштықтардан оқшауландырды. Бұдан былай кеңес үкіметіне қызмет ете жүріп саяси саладағы өз бағытын саралай алды. Оның саяси қызметі 1917 жылдың жазында Әулиеата уезінде Кеңес өкіметін құрудан басталды. Бірақ, оның өзге большевик белсенділерден артықшылығы Кеңес өкіметін ұлттық мүдде жолында пайдалану тактикасын ұстануында. Жастығына қарамай Т. Рысқұлов Мәскеу арқылы 1918 жылы 28 қарашада Түркістан АКСР-інде аштықпен күрес жөніндегі орталық Төтенше комиссияның төрағасы болып тағайындалады. Осы жерде қалай? деген сұрақ өзінен-өзі туындауы айқын. Оған негіз болған Түркістан Жумхуриятының (республикасы) құрылуы еді. Кеңес тарихнамасында бұл үкімет «Қоқан автономиясы» деген атпен белгілі. Көп ұзамай 1917 жылы 13 желтоқсанда Ташкентте «Түркістан Жумхуриятын» қолдаған митинг өтті. Халықтың қолдауына сүйеніп, келесі жылдың басында «Түркістан халықтарының парламентін» құруды 20 наурызға белгіледі. Большевиктер бұл саяси актінің алдын алу үшін 1918 жылы 19-26 қаңтарда өткен өлкелік большевиктік кеңестердің IV сиезінде «Қоқан Автономиясын» заңсыз деген шешім қабылдады (Айтбай, 2014:23.) Осы оқиғадан кейін-ақ Ташкентте «қызылдар қырғыны» басталды. Жергілікті ұлттардың қарсыласуы, олардың арасынан шыққан қурбашылардың ашық айқасқа шығуы большевиктерді жаңа әрекеттерге итермеледі. Қиын ахуалдан шығудың жолы қурбашылар-

мен мәмле жасай алатын, жергілікті азаматты тарту болды. Жігерлі жалындап тұрған Тұрар ағамыздың «үлкен саясат» жолына түсуі осылайша басталған еді. Біртіндеп оның саяси көзқарастары – «Тұтас Түркістан» идеясына ұласты.

Тұрар «Тұтас Түркістан» идеясын «Иттихад-ва-Тараки» (Бірлік және Прогресс) партиясына мүшелікке өткеннен кейін көтере бастады. Негізі Түркияда қаланған бұл партия түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын жандандыру үшін қызу жұмыстар жүргізіп жатқан еді. 24 жасында 1918 жылы «Иттихад-ва-Тараки» партиясына Ташкенттегі жетекшілері арқылы мүше болып тіркелді. Ол 1919 жылы бір мезгілде екі партияның, ашық жағдайда Түркістан Коммунистік партиясының, ал жасырын жағдайда «Иттихад-ва-Тараки» партиясының Орталық Коминтерннің мүшесі болды (Қоңыратбаев, 2014:5.) Біртіндеп мұсылман бұқарасы мен мұсылман қайраткерлеріне Орталықтың сенімсіздігі айқындала түсті. Осыны байқаған Мұсылман бюросының мүшелеріне мұсылман бұқарасы үшін атқаратын қызметтерінің мол екендігін және оны жүзеге асыру жолдарын меңзей отырып, Т. Рысқұлов «Түркістанда кеңес өкіметінің экономикалық құрылысы мен өлке халықтарының 95% құрайтын мұсылмандардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын қайта құруға көмектеседі» (Сәбден, Қоңыратбаев, 2012:73.) – деп шындай түсті.

Түркі тілдес ұлттардың теңдігін қорғайтындығын Т. Рысқұлов Шығыс халықтарының I съезінде ашық танытты. Бұл мәселе төңірегінде көп рет айтудан жалықпады. Оның бір көрінісі РКП(б) X сиезі болып табылады. 1921 жылдың 8-16 наурызы аралығында Мәскеуде өткен сиезге қатысуға келген түркі халықтарының коммунистерінің II кеңесі еді. Осы кеңесте Т. Рысқұлов сөз алып «Шығыс коммунистері арасында азды-көпті белсендірек болып жүрген біз, түрік коммунистері әлемдік революция мен әлемдік революцияның басқарушы ұйымдарының қазіргі таңда Шығыста қалыптасқан жағдайын түсініп, Шығыс ісі мен Шығыстағы міндеттерді жүзеге асыру жолында бізге тосқауыл келтіріп отырған кедергілерді жою үшін сөз жүзінде ғана емес іс жүзінде де қолғабыс жасап, тірек болуға мүдделіміз» (Қоңыратбаев, 2011:78.) – деп ойын ортаға салды. Оның Шығыстағы кеңестік саясатты жүргізуде аймақтық ерекшеліктерді ескеру керектігін айтып жазған еңбектері де жеткілікті. «Біздің міндетіміз – ұлттардың өзін-өзі билеуіне қолғабыс көрсету. Тек ұлттың өзі

ғана өз жағдайын жақсарту үшін барлық шараларды белгілеуге және қазір орын алып отырған жантүршігерлік қырылуды тоқтатуға қабілетті» (Рысқұлов, 2004:74.) деген пікірлерінен оның әр ұлттың өз республикасы болуы керектігін тілге тиек етіп отырғанын байқау қиын емес. Ал, бұл оның тұтас Түркістан идеясының өзегі – ұлттық республикалардың тең құқылы бірлестігін құру туралы мақсаты болатын.

Бұл әрекеттің саяси астарына мән берген большевик көсемдердің басты тұлғалары 1920 жылы 25 мамырда Түркістан Республикасы өкіметі делегациясының В.И. Ленинге ұсынған баяндамасында: «Түркістан Республикасы құрылғанын біле тұра, оны басқаруға Орталықтан Түркбюро, Түрккомиссиясы, Түркістан атқару комитеті, Халық Комиссарлары кеңесі, төңкерістік соғыс кеңестері және Түркістан майданы құрылуы алаңдатады» – деп жазды, осының арқасында 1920 жылы мамыр айында Лениннің нұсқауымен Т. Рысқұловтың «Түркі Республикасын құру» туралы тезистері қабылданбады. Орта Азиядағы республикаларды Түрік Республикасына біріктіру жөніндегі Тұрар Рысқұловтың идеясы Орталықтың наразылығын туғызды. Бүкілресейлік Атқару Комитеті мен РКСФР Халық Комиссарлары Кеңесі Ташкентке арнайы құрылған комиссия жіберді. 1920 жылы шілдеде Т. Рысқұлов Түркістан Орталық Аткомы төрағасы қызметінен алынып, Түркістан КП Өлкелік комитеті мүшесінің міндеттерінен босатылды. И.В. Сталин Т. Рысқұловты ұлтшыл-уклонист, пантүрктік идеяларға бүйрегі бұрады деп айыптап, бұл құбылысқа «рысқұловшылық» деген баға берді. Кеңестік саясаттың ұлт аймақтары үшін үнемі тиімді бола бермегені анық. Ол туралы академик М.Қ. Қозыбаев «20 жылдары сезімтал қазақ зиялыларын ойландырып, іштей наразылығын тудырған мәселенің бірі – Орталықтың Қазақстанның жергілікті ерекшеліктерімен және ұлттық мүддесімен көп жағдайда санаса бермеу саясаты еді. Батылы жетіп, өз қарабасының қамын ойламаған Т. Рысқұлов, С. Садуақасов сияқты қайраткерлер оған барынша қарсы тұруға тырысты, бірақ, сол үшін кейіннен күйіп кетті» – деп жазды (Қозыбаев, 1998:99.) Осы тарихи кезенді зерттеген басқа да ғалымдар Т. Рысқұловтың турашылдығын көрсетті «...РКП ОК-нің ұлт республикалары мен облыстарының жауапты қызметкерлерінің 4-кеңесінде (1923 ж. мау-

сым) сөйлеген сөзінде Т. Рысқұлов Қазақстанда сол уақытқа дейін көптеген экономикалық және әлеуметтік мәселелердің өз шешімін таппай отырғандығын, ал осы өзекті мәселелер жойылмаған күнде, жергілікті коммунистердің олар турасында айтпай отыра алмайтындығын анық – ашық білдірді» (М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, 1993:20.) 1926 ж. шілде – 1937 ж. мамыр аралығында Мәскеуде РКСФР Халық Комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды. Сол ортаның өзінде Мәскеудің озбырлығына наразылығын жасыра алмады. Шет аймақтарға, яғни Шығыс елдеріне жүргізіліп жатқан саясатпен толық келісе алмайтындығын өзі өткізген кеңестерде ашық айтқан кездері болды. 1937-1938 жылдары бүкіл Кеңестер Одағын қамтыған жаппай репрессиялау саясаты тұсында «рысқұлов» кеңесіне қатысқан қайраткерлердің барлығы дерлік тұтқынға алынып, жазаланды. Оның ішінде Т. Рысқұловқа 1937 жылғы 21 мамырда ұлттық уклонистік, пантүрктік идеяны тұтандырушы, тіпті шетелдік барлауға жансыз боп көмектескен деген лақап айыптаулар тағылды. 1938 жылғы 8 ақпандағы сотта «халық жауының» қатарынан орын алды. Оның ой-өрісі мен қызметтері тек Қазақстанды ғана емес, Орта Азия мен Ресей Федерациясындағы Шығыс халықтарының барлық мұң-мұқтажын қамтыған еді.

Қорытынды

Осыдан бір ғасыр бұрын ұлттық элитаның тәуелсіз мемлекет құру идеясының бүгінгі таңмен тарихи сабақтастығының барлығын байқау қиын емес. Өткен ғасырдың бірінші жартысы мен ХХІ ғасырдың бірінші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттерде сипаты жағынан ұқсастық бар. Сол кездегі ұлттық интеллигенцияның алдындағы мақсаттар қазақ ұлтының сауатын ашу, жоғары білімді мамандар әзірлеу, өндіріс орындарын ашу, жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері түгелдей дерлік Шығыс халықтарының алдындағы тұрған ортақ мәселе болды. Осындай мәселені – Тұрар Рысқұлов көре білді, ол күш біріктіруді – «Тұтас Түркістан» құру деп тұжырымдаса, қазіргі Қазақстанның алдындағы тұрған мақсаттар бір ғасыр бұрын қойылған мақсаттардың заманауи түрі – Ұлттық бірегейлікке қол жеткізу болып табылады.

Әдебиеттер

- Назарбаев Н.Ә. (Егемен Қазақстан, 2014.18 қаңтар.) Қазақстан жолы – 2050. Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ.
Назарбаев Н.Ә. (1999) Халық тарих толқынында.
Айтбай Б. (2014.№38/39) Рысқұлов және Түркістан Жұмхурияты. // Қазақ.
Бейсембаев С., Кульбаев С. (1974) Турар Рысқұлов.
Кошанов А., Сабден А., Догалов А. (2008) Турар Рысқұлов: Государственная деятельность и экономические воззрения.
Нұрпейісов К. (1995) Алаш һәм Алашорда.
Нұрпейісұлы К. (2010) Алаш ақиқаты.
Қойгелді М.Қ. Азаттық тақырыбы – мәңгілік тақырып. <http://www.dalanews.kz/11085>.
Қойгелдиев М., Омарбеков Т. (2003) Тарих тағылымы не дейді?
Қоңыратбаев О. (2011. №10.) Түркі халықтарының туыскандық бірлігін көкседі. //Аңыз адам.
Қоңыратбаев О. (2014.№45/46) Тұрар Рысқұлов және Түркістан идеясы. //Қазақ.
Қоңыратбаев О. (2011.№1(28) Қымбатқа түскен кеңес үкіметі. //Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы.
Рысқұлов Т. (2004) Мақалалар, естеліктер, құжаттар жинағы.
Сәбден О., Қоңыратбаев О. (2012) Тұрар Рысқұловтың Орталық Азиядағы экономикалық қызметі.

References

- Nazarbayev N.A. (Yegemen Kazakhstan, 2014 – 18 kantar). Kazakhstan zholy – 2050. Bir maksat, Bir mudde, Bir bolashak. [One Goal, One Interest, One Future.]
Nazarbayev N.A.(1999) Halik Tarih tolkininda [People are in the stream of history].
Aitbai B.(2014.19-26.09) Ryskulov zhane Turkistan zhumhuriyati [Ryskulov and Turkestan Jumhuriya].//Kazakh
Beissembayev S., Kulbayev S. (1974) Turar Ryskulov.
Koshanov A., Sabden A., Dogalov A.(2008) Turar Ryskulov: Gosudarstvennaya deyatelnost' I ekonomicheskie vozzreniya [State activity and economic views.].
Nurpeisov K.(1995) Alash ham Alashorda [Alash end Alashorda].
Nupeisovuly K.(2010) Alash akikati [the truth of Alash].
Koigeldi M.K. Azattik takiribi-mangilik takirip. <http://www.dalanews.kz/11085>.
M.Koigeldiyev., T.Omarbekov (2003) Tarih tagilimi ne deidi? [What the story tells you]
Konyratbayev O. (2011 №10). Turki haliktarinin tuis kandik birligin kokse di [He wanted the unity of Turkic peoples]. / Anyz adam.
Konyratbayev O. (2014.№45/46) Turar Ryskulov zhane Turkistan ideyasi [Turar Ryskulov and the idea of Turkestan]. //Kazakh
Konyratbayev O. (2011.№1(28) Kimbatka tusken ken es ukimeti. / Abai atyndagy KazUPU-din habarshisi. Tarih zhane sayasi – aleumettik gilimdar seriasi [The government of the Soviet Union which was expensive].
Ryskulov T. (2004) Makalalar, estelikter, kuzhattar zhinagi [Articles, memoirs, documents.].
Saiden O., Konyratbayev O. (2012) Turar Ryskulovtin Ortalik Aziadagi ekonomikalik kyzmeti [Economic activity of Turar Ryskulov in Central Asia.].